

ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАРУДЫ КЕШЕНДІ ЗЕРТТЕУ

Лекция 6

Органикалық ауыл шаруашылығы – жер ресурстарын
тиімді пайдалану тәсілі ретінде

г.ғ.д., профессор Аскарова М. А.

Мақсаты:

Органикалық ауыл шаруашылығы – ауыл шаруашылығының ажырамас болашағы екенін көрсету

Жоспар:

1. Әлемде органикалық ауыл шаруашылығы.
2. Органикалық ауыл шаруашылығын жүргізуге қойылатын талаптар.
3. Органикалық ауыл шаруашылығының артықшылықтары мен кемшіліктері.
4. Қазақстандағы органикалық ауыл шаруашылығы.
5. Сертификация – органикалық ауыл шаруашылығы үшін қажетті шарт.



Әлемдегі органикалық ауыл шаруашылығы

1940 жылдары органикалық ауыл шаруашылығын дамыту қозғалысы пайда болды. Бұл қозғалыс ауыл шаруашылығының синтетикалық тыңайтқыштар мен пестицидтерге тәуелділігінің артуына реакция ретінде туған еді. Лорд Уолтер Джеймс Нортберн «Органикалық ауыл шаруашылығы» терминін өзінің 1940 жылдары жарық көрген «Взгляд на землю» атты кітабында енгізді.

World of Organic Agriculture Report 2018 баянамасына сәйкес, Үндістанда әлемдегі ең көп органикалық өнім өндірушілері шоғырланған және әлемдік органикалық өнім өндірушілерінің 30%-дан астамы сол елде тұрады. Дегенмен, «Сертификатталған органикалық егіншілік» аумақтары жалпы 57,8 млн га жердің ішінде тек 1,5 млн га-ны құрайды.





Соңғы мәліметтерге сәйкес, әлемде органикалық ауыл шаруашылығына 57,8 млн гектар органикалық егістік жерлер қолжетімді, бұл әлемдік ауыл шаруашылық жерлерінің 1,2%-ын құрайды. Ең үлкен органикалық және мәдени егістік аумақтары Океанияда орналасқан (27,3 млн га), одан кейін Еуропа (13,5 млн га), Латын Америкасы (7,1 млн га), Азия (4,9 млн га), Солтүстік Америка (3,1 млн га) және Африка (1,8 млн га) келеді.

2016 жылы әлемдегі (178 ел) органикалық ауыл шаруашылық жерлерінің аумағы 7,5 млн га-ға өскен, бұл 15% өсімге тең, ал олардың кірісі 89,7 млрд АҚШ долларына жеткен.

Қазақстандағы органикалық ауыл шаруашылығы



2022 жылы Қазақстан органикалық өнімдерді 35 млн АҚШ долларына экспорттаған. Қазақстанның негізгі экспорттық өнімдері – бидай, зығыр тұқымдары және соя бұршақтары. FiBL және IFOAM рейтингтеріне сәйкес, 123 елдің ішінде Қазақстан органикалық өнім экспорты бойынша 9-орынды, органикалық бидай экспорты бойынша 4-орынды, органикалық зығыр тұқымдары экспорты бойынша 6-орынды иеленеді. Экспорт көлемі 100 мың тоннадан асады. Елде өндірілген органикалық өнімдер Германия, Нидерланды және Швейцарияға сатылып келеді.




Қазақстанда өндірілетін негізгі органикалық өнімдер:

- Дәнді дақылдар (әсіресе бидай)
- Майлы дақылдар (зығыр, күнбағыс)
- Бұршақ тұқымдастар (жуа, нут)



БҰҰ-ның Қазақстан Республикасы Үкіметімен серіктестігінде жүзеге асыратын Даму бағдарламасы Қазақстандағы органикалық ауыл шаруашылығын дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. ПРООН қолдауымен және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен серіктестікте қажетті нормативтік-құқықтық база әзірленді, реттеуші база құрылды, сондай-ақ органикалық ауыл шаруашылығын дамытуға ынталандыру үшін әртүрлі қаржылық механизмдер қабылданды.





2015 жылы Қазақстанда **«Органикалық өнімді өндіру және айналым туралы» заң қабылданды.** Бұл заң органикалық өнімді өндірудің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін анықтайды. Заңның мақсаты – топырақты тиімді пайдалану, дұрыс тамақтануды қалыптастыруға көмек көрсету және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету.

Сертификация – органикалық кепілдік жүйесінің негізгі және ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады және өндіруші мен тұтынушы мүдделерін теңестіру үшін қажет шарт болып саналады. Сертификацияның сәтті нәтижесі – өнімнің органикалық шығу тегін растайтын органикалық белгісін қолдану құқығын алу болып табылады.



Қазіргі уақытта 2024–2026 жылдарға арналған органикалық ауыл шаруашылығын дамыту Жол картасы жасақталуда, сондай-ақ ұлттық стандарттарды өзектілеу бойынша жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар, Парламент Сенаты депутаттары **«Органикалық өнімді өндіру және айналым туралы»** заңның жаңа редакциясын ұсынды. Заң жобасындағы негізгі жаңашылдық – сертификацияның нысаны тек органикалық өнімді өндіру үдерісі болады



shutterstock.com · 2603202051

Органикалық тамақ өнеркәсібі үшін жасанды интеллект, визуализация және жаңартылатын энергияны қолданатын инновациялық технологиялық шешімдер, соның ішінде жеке компаниялар тарапынан әзірленуде.



Сұрақтар тақырып бойынша

1. Органикалық ауыл шаруашылығы дегеніміз не және оның пайда болуы қалай болды?
2. Әлемде органикалық ауыл шаруашылығының негізгі орталықтары қай елдерде орналасқан?
3. Органикалық ауыл шаруашылығын жүргізуге қойылатын негізгі талаптар қандай?
4. Органикалық ауыл шаруашылығының артықшылықтары мен кемшіліктерін атаңыз.
5. Қазақстанда органикалық ауыл шаруашылығының негізгі өнімдері қандай?

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Министерство сельского хозяйства РК. Органическое сельское хозяйство в Казахстане: состояние и перспективы. Нұр-Сұлтан, 2022.
2. FiBL & IFOAM. World of Organic Agriculture 2018. Frick, Bonn, 2018.
3. Волтер Джеймс Нортберн. Взгляд на землю. Лондон, 1940.
4. ПРООН в партнерстве с Правительством РК. Программа развития органического сельского хозяйства. Алматы, 2021.
5. Сапарова, А.Б. Органическое земледелие и устойчивое развитие. Алматы, 2020.